


Логопедтің кеңесі

Баламен дұрыс сөйлесу керек.



Сөйлеу мұрамен берілмейді, бала айналасындағылардан карап сөйлейді. Сондықтан да ересек адамдар баламен сөйлескен кезде өзінің сөйлеу мәнерін қадағалап, онымен асықпай сөйлесіп, барлық дыбыстар мен сөздерді анық айтқан жөн. Нәресте алғашқы сөздерді бірінші рет естиді және ол сөзді қалай қабылдайды олай айтады.

Ересектердің асықпай, тез сөйлеуі баланың сөйлеуіне кері әсерін тигізеді, оның сөйлеген сөзін басқалар қалай қабылдағаны туралы ойламайды. Егер үйде олар қатты, жылдам, ашулы сөйлесе, онда баланың сөйлеуі де сондай болады. Жиі дыбыстардың дұрыс айтылмауының себебі- бала дұрыс сөйлемейтін ересектердің, жолдастарының сөйлеуіне еліктеуден болады.

Логопедтің қамқор ата-аналарға кеңестері Құрметті ата-аналар өздеріңізден бастаңыздар!

- Тіпті сіз табиғаттан үндемесіңіз де - баламен сөйлесіңіз. Бала оған бағытталған сөздерді, егер ол айналасында не болып жатқанын түсіндірсе, түсінеді.
- Балалардың көздерімен кездесу. Кез-келген жағдайды айтыңыз - бірақ баланың сізді естіп, көріп тұрса ғана. Егер сіздің сәбиіңіз әлі де дұрыс сөйлемесе тек қана былдырласа, ал балаңыз шамадан тыс белсенді, үнемі қозғалыста болса, немесе бірнеше сөз айтып тұрса. Оның көзіне қарап сөйлеңіз, босқа сөйлеменіз. Артикуляцияңызды көрсетуіңізге тырысыңыз.
- Нық сөйлеңіз. Әр фразаны нақты, қысқа түсінікті етіп сөйлеу керек. Балалардың интонацияға өте сезімтал екендігі белгілі, сондықтан логикалық екпін түскен әрбір сөзді мүмкіндігінше мәнерлеп айтуға тырысыңыз.
- Бұл да әртүрлі жағдайда. Бір сөзді бірнеше рет немесе бір фразаның орнын ауыстырып бірнеше рет қайталату керек. «Әке келді. Біздің әкеміз келді.» «Доп құлап қалды. Міне, құлап қалды». Бұл баланың естуіне және түсінуіне жеңіл. Егер балаңыз бір сөзді ұқсын десеңіз, сол сөзді бірнеше сөйлемдерде қолданыңыз.
- Асықпаңыз. Көп, ұзын фразалы сөйлемді қолданбаңыз. Баланы таныс емес сөздерді қолданған сөйлемді айтуға асықтырмаңыз.

